



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

# Қазақстанның сыртқы секторына шолу

2018 жылғы 1-жартыжылдық

Байланыс: Чернявский Денис  
E-mail: Denis.Chernyavskiy@nationalbank.kz  
Келесі релиз: Сәуір, 2019ж.

Қазан, 2018ж.

## МАЗМҰНЫ

Негізгі тұжырымдар .....	3
Ағымдағы шот .....	4
Сауда балансы .....	4
Тауарлар экспорты .....	5
Тауарлар импорты .....	7
Қызмет саудасының балансы .....	9
Қызмет көрсету экспорты .....	10
Қызмет көрсету импорты .....	11
Кірістер балансы .....	13
Қаржылық шот .....	15
Тікелей инвестициялар .....	16
Резервтік активтер .....	17
Жинақтар мен инвестициялар тұрғысынан ағымдағы шот .....	19
Нақты тиімді айырбастау бағамының серпіні .....	19
Халықаралық инвестициялық позиция .....	21
Сыртқы борыш .....	21
Қысқартулар мен аббревиатуралар тізімі .....	23


## НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАР

- 2018ж. 1-жартыжылдығында ағымдағы операциялар шотының дефициті өткен жылдың осындай көрсеткішімен салыстырғанда төрт есе азайды және \$0,7 млрд. құрады.
- Ағымдағы операциялар шотының жай-күйінің жақсаруына мұнай бағасының өсуі және мұнай саласындағы өндірудің ұлғаюы себепші болды.
- Импорт барлық тауар топтары бойынша өсті. Импорттың негізгі драйверлері: мұнай өнімдері бағасының көтерілуі, ірі ауқымды инвестициялық жобаларды іске қосу, сондай-ақ төлемге қабілетті сұраныстың өсуі (*бизнес пен халық кірістерінің қалпына келуі мен жаңадан берілген тұтыну кредиттері көлемінің өсуі нәтижесінде*).
- Қызмет көрсету экспортының өсуі қызмет саудасының балансы дефицитінің қысқаруын қамтамасыз етті. Қызмет көрсету экспортының негізгі өсу факторы Қазақстанға келген шетелдіктер санының ұлғаюы болып табылады.
- Шетелдік инвесторларға төленуі тиіс кірістердің өсімі ағымдағы шоттың жақсаруын тежеп тұр.
- Ағымдағы шоттың 2015-2017жж. кезеңіндегі тапшылығы тікелей инвестициялардың таза әкелінуі және елдің сыртқы борыштық активтерінің қысқаруы есебінен өтелді.
- Ағымдағы шоттың қазіргі уақытта орын алып отырған тапшылығы, шетелдік тікелей инвестициялардың таза әкелінуімен өтелетіндіктен, орнықты болып табылады.
- ҚРҰБ резервтік активтері 8,2 айдың тауарлар мен қызмет көрсету импортын жаба отырып, оңтайлы және жеткілікті деңгейде қалды.
- 2016ж. бастап байқалған ағымдағы шоттың жақсару үрдісі инвестициялардың (I) өзгермеген деңгейі кезінде жинақтардың (S) өсуімен байланысты болып келеді.
- НТАБ-тың өзінің тепе-теңдік мәндеріне сәйкестігі экономикадағы ішкі және сыртқы баланстарды сақтауға мүмкіндік береді.
- 2015ж. бастап ХИП серпіні көбіне борыштық құралдар бойынша нетто-позициямен анықталады.
- 2016ж. мен 2018ж. 1-жартыжылдығы аралығындағы кезең ішінде сыртқы борыш ІЖӨ-ге пайызбен 119,0%-дан 96,3% дейін төмендеді.

## Ағымдағы шот

- **2018ж. 1-жартыжылдығында ағымдағы операциялар шотының дефициті өткен жылдың осындай көрсеткішімен салыстырғанда төрт есе азайды және \$0,7 млрд. құрады**

2016ж. бастап негізгі экспорттық тауарлар бағаларының қалпына келуіне, мұнай және газ конденсатын өндіру көлемінің өсуіне, сауда әріптес елдері тарапынан тұрақты сұраныстың өсуіне, сондай-ақ теңгенің өзгермелі айырбастау бағамына байланысты ағымдағы шоттың жай-күйінің тұрақты жақсаруы байқалады (1-график). Ағымдағы шоттың жақсаруын тежейтін факторлар мыналар болып табылады: 1) мұнай-газ секторында инвестициялық жобаларды іске асырумен байланысты жабдық, өндіріс пен тасымалдау құралдары импортының өсуі; 2) шетелдік тікелей инвесторларға төлемдердің өсуі.



Дереккөзі: ҚРҰБ.


## Сауда балансы

- **Ағымдағы операциялар шотының жай-күйінің жақсаруына мұнай бағасының өсуі және мұнай саласындағы өндірудің ұлғаюы себепші болды**


2018ж. 1-жартыжылдығында ағымдағы шоттың жай-күйінің жақсаруы сауда балансы оң сальдосының 53,6%-ға ұлғаюымен қамтамасыз етілді, ол \$13,1 млрд. құрады (2-график).

2017-2018жж. аралығындағы кезеңде сауда балансы оң сальдосының ұлғаюы тауарлар экспорты өсу қарқынының тауарлар импортының өсу қарқынынан басым болуының себебінен байқалды (3-график).

2-график. Сауда балансының серпіні\*



3-график. Тауарлар экспорты мен импортының өсу қарқындары, ж/ж




\*Төлем балансының әдіснамасы бойынша. Дереккөзі: ҚР ҰЭМ СК, ҚР ҚМ МКК, ҚРҰБ.

• Сауда жағдайлары оң болған кезеңдерде, ағымдағы шот, негізінен, профицитпен қалыптасты

2016ж. бастап сауда жағдайлары жақсаруының тұрақты үрдісі байқалды (*Terms of trade<sup>1</sup>*) (4-график). ҚРҰБ есептері бойынша, сауда жағдайларының бірге тең коэффициентіне қол жеткізу үшін мұнай бағасының бір баррель үшін \$102 дейін өсуі қажет (орташа алынған PPI арқылы жуықталған сыртқы инфляцияның орташа қарқынының сақталуы шартын ескере отырып).

4-график. Сауда жағдайлары



Дереккөзі: Thomson Reuters, ҚРҰБ. ҚРҰБ-нің есептері.

Тауарлар экспорты


2018ж. 1-жартыжылдықтың қорытындылары бойынша тауарлар экспорты өткен жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 24,9%-ға немесе \$5,9 млрд-қа ұлғайып, \$29,4 млрд. болды. Экспорттың өсуі тауар нарықтарындағы қолайлы конъюнктурамен және мұнай саласындағы өндіру көлемінің өсуімен қамтамасыз етілді (орташа алғанда есепті кезең үшін Brent маркалы мұнайдың бағасы бір баррель үшін \$70,7 болды, бұл 2017ж. 1-жартыжылдықтағы

<sup>1</sup> Terms of trade – экспорттық және импорттық баға индекстерінің арақатынасы. Индекстер 2010ж. қаңтардағы базаға келтірілген. Экспорттық баға ретінде Brent маркалы мұнайдың баға белгілеуі пайдаланылды;


көрсеткіштен 35,5%-ға (бір баррель үшін \$52,2) жоғары; тау-кен өндіру өнеркәсібінде және карьерлерді пайдалануда өнеркәсіптік өндіріс индексі 105,5% болды).

Барлық ірі экспорттық тауарлар топтары бойынша өсу байқалды. Мұнай және газ конденсатының экспорты 37,6%-ға, металдар – 1,2%-ға және өзге тауарлар – 14,3%-ға (5 және 6-графиктер) өсті. Экспорттық тауарлардың аталған кезеңде негізгінен ЕО (54,3%), ҚХР (9,5%) және РФ (9,1%) елдеріне жіберілді.

5-график. Тауарлар экспорты




6-график. Тауарлар экспортының өсу қарқыны, ж/ж



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ СК, ҚР ҚМ МКК.

Негізгі сауда әріптес елдердегі ІЖӨ-нің өсу қарқыны сыртқы сұраныстың прокси-көрсеткіші бола отырып, қазақстандық экспорттық өнімге тұрақты сұраныстың болуын білдіреді (7-график).

7-график. Сауда әріптес елдердің жинақталған ІЖӨ, ж/ж




\*2017ж. экспорттағы тұрақтанған үлес: Ресей – 13,1%, Қытай – 16,2%, ЕО – 70,7%.

Дереккөзі: Thomson Reuters.

## Тауарлар импорты

- **Импорт барлық тауар топтары бойынша өсті. Импорттың негізгі драйверлері: мұнай өнімдері бағасының көтерілуі, ірі ауқымды инвестициялық жобаларды іске қосу, сондай-ақ төлемге қабілетті сұраныстың өсуі (бизнес пен халық кірістерінің қалпына келуі мен жаңадан берілген тұтыну кредиттері көлемінің өсуі нәтижесінде)**

Импорт барлық тауар топтары бойынша өсті, бұл ретте өсу қарқыны 2017ж. 2-тоқ. жоғары базасының әсерінен баяулады (2017ж. 2-тоқ. 24,8%-дан (ж/ж) 2018ж. 2-тоқ. 4,7%-ға (ж/ж) дейін). Төлем балансының әдіснамасы бойынша тауарлар импорты 2018ж. 1-жартыжылдығында 8,7%-ға (ж/ж) өсіп, \$16,4 млрд. құрады. Ресми сауда статистикасының<sup>2</sup> деректері бойынша өсу 10,3% (ж/ж) болды (8-график).





\*Өткен жылдың тиісті тоқсанына қатысты тоқсан. Дереккөзі: ҚР ҰЭМ СК, ҚР ҚМ МКК.

**Инвестициялық импорттың** өсуіне бизнес кірістерінің қалпына келуі (2018ж. 1-жартыжылдығында салық салынғанға дейінгі пайданың өсуі шағын кәсіпорындарда 83,2%-ды (ж/ж); орта және ірі кәсіпорындарда 43,3%-ды (ж/ж) құрады, 9-график) және ірі ауқымды инвестициялық жобалардың, көбінесе, мұнай-газ секторында<sup>3</sup>, іске асырылуы себепші болды. Мәселен, 2018ж. 1-жартыжылдығында негізгі капиталға инвестициялар 36,8%-ға (ж/ж) өскен кезде инвестициялық импорт 14,1%-ға (ж/ж) ұлғайды (10-график). Инвестициялық импорттың негізгі тауарлары мыналар болып табылады: құбырларға арналған арматура (крандар, клапандар, вентильдер және басқалары; мұнда және бұдан әрі – инвестициялық импорттағы үлесі; 4,8%); жүкті тасымалдауға арналған көлік құралдары (4,1%); құрылыс-жөндеу техникасы (көбінесе бульдозерлер; 3,8%); ұшу аппараттары (3,7%); мотор көлік құралдарының құрауыштары (жеңіл автомобильдерді қоспағанда; 3,2%); электр аппаратураларының жабдықтары (пульттер, панельдер, консольдер, бөлу қалқандары және басқалары; 3,1%); вагондар (2,8%); кабельдер және сымдар (2,7%); және басқалары.

<sup>2</sup> ҚР ҰЭМ СК, ҚР ҚМ МКК статистикасы.

<sup>3</sup>Болжаммен алғанда: ТШО-ның ККЖ-ҰЕҚБЖ-сы, Шымкент МӨЗ-індегі күрделі жөндеу.




\*Ж/ж, жинақталған нәтижемен.

\*\*2017ж. 3 айы үшін салық салынғанға дейінгі пайданың өсу қарқынының жоғары көрсеткіші 2016ж. 3 айының төменгі базасымен түсіндіріледі. Дереккөзі: ҚР ҰЭМ СК, ҚР ҚМ МКК.

**Аралық импорттың** өсуіне бірқатар факторлар себепші болды. Біріншіден, аралық импорттың құрылымында едәуір үлеске мұнай, газ және мұнай өнімдері ие, олар бойынша бағаның өсуі орын алды. 2018ж. 1-жартыжылдығында мұнай, газ және мұнай өнімдерінің аралық импорттағы үлесі 13,5%-ды, ал жиынтық импорттағы үлесі 4,8%-ды құрады. Екіншіден, мұнай-газ секторында инвестициялық жобаларды іске асыру салдарынан құбырлар мен профильдер импорты ұлғайды (+27,6% (ж/ж)). Олардың аралық импорттағы үлесі 6,5%-ды, жиынтық импорттағы үлесі 2,3%-ды құрады.

**Тұтыну импорты** өсті. Өсім, оның ішінде, халықтың нақты кірістерінің қалпына келуімен (2018ж. 1-жартыжылдығында халықтың нақты ақшалай табыстары 4%-ға (ж/ж), нақты жалақысы – 1,8%-ға (ж/ж) өсті, 11-график), сондай-ақ жаңадан берілген тұтыну кредиттері көлемінің үдемелі өсуімен (2018ж. 1-жартыжылдығында +31% (ж/ж), 12-график) түсіндіріледі.




\*Ж/ж, жинақталған нәтижемен. Дереккөзі: ҚРҰБ, ҚР ҰЭМ СК, ҚР ҚМ МКК.




Импорттың тауарлық құрылымы өзгеріссіз қалды (13-график): 2018ж. 1-жартыжылдығының қорытындылары бойынша импорттың жалпы үлесіндегі тұтыну импортының үлесі 30,8%-ды, аралық импорт – 35,8%-ды, инвестициялық импорт – 31,4%-ды, басқа импорт – 2%-ды құрады.

Импорттың елдік құрылымы да тұрақтылық көрсетті (14-график). 2018ж. 1-жартыжылдығында тауарлар импортының ең көп үлесі РФ-на (38,5%), ЕО-қа (20,3%) және ҚХР-на (16,2%) тиесілі болды.

13-график. Импорттың тауарлық құрылымы (2018ж. 1-жартыжылдығы)



14-график. Тауарлар импортының елдік құрылымы (2018ж. 1-жартыжылдығы)



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ СК, ҚР ҚМ МКК.


Анықтама: **РФ**-нан мұнай өнімдері және газ; көмір; түрлі кен қазбалары; құбырлар; металлдан жасалған конструкциялар; автомобильдер; шиналар және покрывкалар; кондитерлік өнімдер сияқты тауарлар импортталады. **ЕО**-тан келетін импортта дәрі-дәрмектер және іріткілер; құбырлар; құбырларға арналған арматуралар; түрлі жабдықтар (электр-генераторлық қондырғылар және түрлендіргіштер; центрифугалар; пульттар; радиолокациялық аппаратура); ұшу аппараттары; кеме және жүзу құралдары; автомобиль шанақтары; жүк көлік құралдары; тыңайтқыштар басым түр. **ҚХР**-нан импорт көбінесе телефондардан; есептеу техникасынан; құбырлардан; құбырларға арналған арматурадан; қара металдардан жасалған конструкциялардан; түрлі аспаптар мен жабдықтардан; бульдозерлерден; шиналар мен покрывкалардан; кабельдер мен сымдардан; химиялық элементтерден және олардың қосындыларынан; тыңайтқыштардан; аяқ киімнен; ойыншықтардан тұрады.

### Қызмет саудасының балансы

- **Қызмет көрсету экспортының өсуі қызмет саудасының балансы дефицитінің қысқаруын қамтамасыз етті. Қызмет көрсету экспортының негізгі өсу факторы Қазақстанға келген шетелдіктер санының ұлғаюы болып табылады**

Тарихи тұрғыдан, Қазақстанның қызмет саудасының балансы дефицитпен сипатталады. Сонымен қатар, 2012ж. бастап қызмет саудасының балансы дефицитінің негізінен экспорттың тезірек өсуі мен импорттың, әсіресе 2015-2017жж. аралығында, азаюы есебінен қысқаруы (2018ж. 1-жартыжылдықта 2017ж. 1-жартыжылдықпен салыстырғанда 6,6%-ға (ж/ж)) байқалады (15-график).

15-график. Қызмет саудасының балансы




\*Өткен жылдың тиісті тоқсанына қатысты тоқсан. Дереккөзі: ҚРҰБ.

### Қызмет көрсету экспорты

Қызмет көрсету экспорты 2018ж. 1-жартыжылдығының қорытындысы бойынша \$3,3 млрд. болды және 8,1%-ға (ж/ж) өсті, оның ішінде, 3,7%-ы сапарларға, 2,8%-ы көлік қызметтеріне және 1,6%-ы өзге қызметтерге тиесілі (16-график).

16-график. Қызмет көрсету экспортының өсу қарқыны




\*Өткен жылдың тиісті тоқсанына қатысты тоқсан. Дереккөзі: ҚРҰБ.

Қызмет көрсету экспортының өсу қарқыны 2017ж. 2-тоқ. бастап оң шаманы көрсетіп келеді. Бұл ретте сапарлардың қызмет көрсету экспортының өсу қарқынына үлесі 2017ж. 1-тоқ. бастап тұрақты артып келеді. Мысалы, Қазақстанға келген шетелдіктер санының ұлғаюы байқалады, осыған байланысты 2017ж. 1-жартыжылдықпен салыстырғанда қызмет көрсету экспортында «Сапарлар» бабы 14,6%-ға өсті.

Көлік қызметтерінің қызмет көрсету экспортының өсу қарқынына қосқан үлесі 2018ж. 1-тоқ. теріс шаманы көрсетті, ал 2018ж. 2-тоқ. оң шаманы көрсетіп, басқа қызметтердің үлесіне қарағанда артық шамада болды (16-график).

17-график. Қызмет көрсету экспортының құрылымы (2018ж. 1-жартыжылдық)




Дереккөзі: ҚРҰБ.

Қызмет көрсету экспортының құрылымында әр уақытта көлік қызметтері басым болған. Осылайша, 2018ж. 1-жартыжылдығында олардың жалпы қызмет көрсету экспортындағы үлесі көбінесе құбыр желісі көлігі есебінен 56,1%-ға жетті (көлік қызметтерінен 60,7% және жалпы қызмет көрсету экспортынан 34%). Мәні бойынша келесі болып «Сапарлар» қызметі бабы тұр, оның жалпы қызмет көрсету экспортындағы үлесі 27,1% болды және ең бастысы жеке сапарлар болып табылады (сапарлардан 92,9%) (17-график).

### Қызмет көрсету импорты

Қызмет көрсету импортының көлемі соңғы екі жылда өзгермеген (жыл сайынғы қысқару 2016-2017жж. орташа алғанда \$366,4 млн. болды). Осылайша, 2018ж. 1-жартыжылдықта қызмет көрсету импорты тек 2,3%-ға (ж/ж) өсті (18-график): көлік қызметтерінің өсуі (+13,0% (ж/ж)), өзге іскерлік (+22,7% (ж/ж)) және өзге (+14,5% (ж/ж)) қызметтердің өсуі құрылыс қызметтерінің едәуір азаюынан (-55,5% (ж/ж)) қысқарды.


18-график. Қызмет көрсету импортының өсу қарқыны



\*Өткен жылдың тиісті тоқсанына қатысты тоқсан. Дереккөзі: ҚРҰБ.

2018ж. 1-жартыжылдығында көлік қызметтері импортының өсуіне (+13% (ж/ж)) бірнеше факторлар әсер етті: 2018ж. 1-жартыжылдығында ел экономикасы (ІЖӨ өсімі 4,1% (ж/ж)) мен тауарлар экспорты (24,9%-ға (ж/ж)) өсті, ал бизнес пен халық табысының қалпына келуі жалғаса берді (салық салғанға дейінгі шағын кәсіпорындар пайдасының өсімі 83,2%-ды (ж/ж), салық салғанға дейінгі орта және ірі кәсіпорындар пайдасының өсімі 43,3%-ды (ж/ж), халықтың нақты ақшалай табысының өсімі – 4%-ды (ж/ж), нақты жалақы өсімі – 1,8%-ды (ж/ж) құрады). Мысалы, импортталатын көлік қызметтерінің негізгі түрі жүк тасымалы (80,3%) болып


табылады. Ол негізінен Қазақстаннан басқа елдерге тауарлар жеткізетін теміржол көлігі (35%) және автомобиль (34%) көлігі арқылы жүзеге асырылады (19-график).



Дереккөзі: ҚРҰБ.

Өзге іскерлік қызметтер импорты 2018ж. 1-жартыжылдықта көбінесе бухгалтерлік, аудиторлық, бизнес пен басқару консультациясы бойынша, сондай-ақ жарнама мен нарық конъюнктурасын зерделеу секілді басқару саласындағы кәсіби және консультациялық қызметтер импортының ұлғаюы есебінен өсті (+22,7% (ж/ж)).

20-график. Қызмет көрсету импортының құрылымы (2018ж. 1-жартыжылдық)



Дереккөзі: ҚРҰБ.

Қалған жағынан қызмет көрсету импортының құрылымы тұрақты болып қалып отыр. Ең көп бөлігі көбінесе сәулет, инженерлік және өзге де техникалық қызметтер (57,4%) болып табылатын өзге іскерлік қызметтерге тиесілі (44,8%). Көлік қызметтері импортының үлесі 16,4%-ды құрады. Сапарлар үлесі – 16,7%. Бұл ретте жеке сапарлар басым болып тұр (көлік қызметтері импортының 97,9%).

Ірі ауқымды инвестициялық (оның ішінде инфрақұрылымдық) объектілерді<sup>4</sup> салуды аяқтау (кей жағдайларда ішінара аяқтау) құрылыс қызметтері импортының қысқаруының басты себебі болып табылады. Осының салдарынан құрылыс қызметтері импортының үлесі 2017ж. 1-жартыжылдығындағы 17,5%-дан 2018ж. 1-жартыжылдығындағы 7,5%-ға дейін қысқарды (20-график).

<sup>4</sup>«Экспо-2017» халықаралық мамандандырылған көрме объектілері; халықаралық транзиттік автомобиль жолдарының белгілі бір тармақтары; ғылыми-білім беру кешендерінің оқу-зерттеу корпусы; мұнай-газ жобаларының объектілері.


## Кірістер балансы

- Шетелдік инвесторларға төленуі тиіс кірістердің өсімі ағымдағы шоттың жақсаруын тежеп тұр

Анықтама: Бастапқы кірістер балансы бастапқы кірістер ағынын қамтиды (еңбекақы, тікелей, портфельдік және басқа да инвестициялар бойынша кірістер), ал қайталама кірістер балансы резиденттер мен бейрезиденттер арасындағы ағымдағы трансферттерді қамтиды.

Қайталама кірістер балансының тапшылығы \$64,8 млн. құрап, 68,7%-ға (ж/ж) қысқарды. Тапшылықтың қысқаруы мемлекеттік басқарма органдарының пайдасына түсімдердің (+9,3%, (ж/ж)) және бейрезидент жеке тұлғалардан резидент жеке тұлғаларға ақша аударымдарының (+21%,(ж/ж)) өсуімен байланысты. 2018ж. 1-жартыжылдығында қайталама кірістер кірістердің 0,5%-ын иеленді және кірістер балансына айтарлықтай әсер еткен жоқ.


2018ж. 1-жартыжылдығында **бастапқы кірістер балансының** теріс сальдосының 28,3%-ға (ж/ж) ұлғайғаны байқалды, бұл бейрезиденттерге инвестициялық жобалар бойынша төлемдердің 29,5%-ға (ж/ж) өсуімен байланысты болды (21-график).



Дереккөзі: ҚРҰБ.


**Алынатын кірістердің** ұлғаюы 2018ж. 1-жартыжылдығында портфельдік және басқа да инвестициялар бойынша сыйақылардың, сәйкесінше, 18,3%-ға (ж/ж) және 38,4%-ға (ж/ж) өсуі есебінен орын алды. 17,4%-ға өсіп, \$668,4 млн. құраған ҚРҰБ резервтері мен ҚРҰҚ активтері бойынша кірістер резиденттердің инвестициялық кірістерінің негізгі көзі (алынатын кірістерден 56%) болып табылады.

**Төленетін кірістердің** ұлғаюы тікелей инвестициялар бойынша капиталға қатысудан түсетін кірістердің 28,6%-ға (ж/ж) өсуімен түсіндіріледі (22-график). Төленетін кірістердің өсуі мұнай бағасының және мұнай өндіру көлемінің өсуінен болды.



Дереккөзі: ҚРҰБ.

2018ж. 1-жартыжылдығында 3 ірі мұнай-газ жобасы (ТШО, КПО және СКЖ) бойынша төлемдер тікелей инвестициялар бойынша төленетін барлық кірістердің 55%-ын құрады (23-график).





Дереккөзі: ҚРҰБ есептері.

Қайта инвестицияланған кірістер 76,9%-ға өсіп, \$4,6 млрд. құрады (ірі масштабты және басқа да жобалар<sup>5</sup> бойынша, сәйкесінше, 26%-ға және 3,2 есе<sup>6</sup> ұлғаю, 24-график). 2018ж. 1-жартыжылдығында дивидендтер мен бөлінген пайда 5,1%-ға ұлғайып \$4 млрд. құрады (ірі ауқымды жобалар бойынша 53%-ға ұлғайды, бірақ басқа да жобалар бойынша 19%-ға қысқарды, 25-график).

<sup>5</sup> Басқа да жобаларға 3 ірі жобаны қоспағандағы мұнай-газ жобалары, өңдеу өнеркәсібінің жобалары, геологиялық барлау жобалары және басқалар жатады.

<sup>6</sup> Басқа да жобалар бойынша ұлғаю, сонымен қатар, төмен база әсерімен байланысты.



Дереккөзі: ҚРҰБ есептері.


Бейрезиденттерге инвестициялық кірістерді төлеу, негізінен, Қазақстанның негізгі инвесторлары болып табылатын Нидерланд пен АҚШ-қа жүзеге асырылады (2018ж. 1-жартыжылдығында төленетін барлық кірістердің, тиісінше, 39% және 32%-ы).

### Қаржылық шот

- Ағымдағы шоттың 2015-2017жж. кезеңіндегі тапшылығы тікелей инвестициялардың таза әкелінуі және елдің сыртқы борыштық активтерінің қысқаруы есебінен өтелді

Ағымдағы операциялар шотының тапшылығы жағдайында қаржылық шоттағы капитал ағынының құрылымы маңызға ие бола бастайды: тікелей инвестициялар мен портфельдік акционерлік капитал өсу перспективасы тұрғысынан тиімді және айтарлықтай тұрақты болып табылады, ал борыштық ағындар өсуінің артықшылықтары аз және, әдетте, олардың тұрақсыздығы жоғарырақ болады<sup>7</sup>.

2018ж. 1-жартыжылдығының қорытындысы бойынша 2012ж. бері жалғасып келе жатқан қаржылық шоттағы таза қарыз алу циклы аяқталды. Соңғы үш жылда нетто-негізде капиталдың әкелінуі мен әкетілу амплитудасы айтарлықтай төмендеуде (26-график).




Дереккөзі: ҚРҰБ.

<sup>7</sup> Wei, Shang-Jin. 2006. "Connecting Two Views on Financial Globalization: Can We Make Further Progress?" NBER working paper


## Тікелей инвестициялар

2018ж. 1-жартыжылдығының қорытындысы бойынша Қазақстанға ШТИ-дің көлемі \$760 млн. құрап, 84%-ға қысқарды (*төмендеу қабылданған міндеттемелер бойынша өтеу көлемінің ұлғаюымен байланысты болды, 27-график*). Шетелдік инвестициялардың жалпы келуі, негізінен, тау-кен өндіру өнеркәсібін (54,1%), оның ішінде мұнай-газ саласын (51,4%) және өңдеуші өнеркәсіпті (17%) қаржыландыруға бағытталған және ол \$12 млрд. (+27% (ж/ж)) құрады.



Дереккөзі: ҚРҰБ-ның есептеулері.

Ірі жобалар бойынша тікелей инвестициялар көлемі 2018ж. 1-жартыжылдықта 29%-ға қысқарды (*борыштық капиталды өтеу көлемі оны игеруден асып түсті, 28-график*).



Дереккөзі: ҚРҰБ-ның есептеулері.

- **Ағымдағы шоттың қазіргі уақытта орын алып отырған тапшылығы, шетелдік тікелей инвестициялардың таза әкелінуімен өтелетіндіктен, орнықты болып табылады**

Ағымдағы шоттың шамасы ШТИ-дің таза әкелінуін шегергенде, көбіне, оң аймақта болды (*29-график*). Таза ШТИ-дің 2015ж. 1-тоқ.–2018ж. 2-тоқ. аралағындағы кезеңде




жинақталған көлемі \$24,3 млрд. болды, ал ағымдағы шоттың жинақталған тапшылығы аталған кезеңде \$20,1 млрд. болды (30-график).



\*2015ж. 1-тоқ. бастап тиісті кезеңге дейінгі жинақталған қорытынды. Дереккөзі: ҚРҰБ.

ШТИ көлемі ағымдағы шоттың дебет бөлігіне (импорттық) әсер етеді. Осыған байланысты, басқа жағдайлар өзгеріссіз қалғанда, шетелдік инвестициялардың қаржылық шоттағы нетто-әкелінуі ағымдағы шоттың орнықтылығын айқындайды. 31-графикте өндіріс құралдары және жабдықтарының импорттық жеткізілімінің шетелдік тікелей инвестициялардың әкелінуіне тәуелділігі көрсетілген.




Дереккөзі: ҚРҰБ, ҚР ҰЭМ СК, ҚР ҚМ МКК.

## Резервтік активтер

- ҚРҰБ резервтік активтері 8,2 айдың тауарлар мен қызмет көрсету импортын жаба отырып, оңтайлы және жеткілікті деңгейде қалды


2018ж. 1-жартыжылдығының соңында халықаралық резервтер (ҚРҰҚ активтерінің есебінсіз) \$30,1 млрд.-қа (2018ж. басында \$30,7 млрд.) бағаланды. ҚРҰБ резервтік активтері оңтайлы және жеткілікті деңгейде қалды: алдыңғы бір жыл ішінде сыртқы борышты өтеуді

және 20% кең ақша массасын толық жабуды, 8,2 айдың тауарлар мен қызмет көрсету импортын жабуды қамтамасыз ететін деңгейде болды (32-график).



Анықтама: 1) Гвидотти өлшемшарттары – капитал нарығына шыға алатын ел үшін өтімділік тәуекелінің индикаторы. Резервтер дефолт тәуекелін болдырмау үшін бір жылдың ішінде сыртқы борышты өтеуді және қызмет көрсетуді, қаржыландырудың сыртқы көздері болмаған жағдайда, ең азы 100%-ға жабуы тиіс; 2) халықаралық тәжірибеде тауарлар мен қызмет көрсетудің, ең аз дегенде, үш айлық импортының резервтермен жабылуы эталондық өлшем ретінде қабылданған.

Резервтердің жеткіліктілігі және оңтайлылығы ARA (Assessment of reserve adequacy) индикаторымен де расталады (33-график).



Дереккөзі: ҚРҰБ-ның есептеулері. ARA метрикасы бойынша ҚРҰБ резервтік активтерінің жеткіліктілігі бойынша деректерді басқа елдермен салыстыру үшін 33-графиктегі көрсеткіштер ІЖӨ % көрсетілген.

Анықтама: ARA индикаторы әлеуетті тәуекелдердің орындалуы кезінде резервтердегі қажеттілікті бағалау үшін ХВҚ әзірлеген метрику білдіреді. Аталған метрикаға сәйкес, халықаралық резервтер деңгейі ARA индикаторының 100% және 150%-ына тең аралықтағы диапазондағы мәнге ие болғанда жеткілікті және оңтайлы болып табылады.

ARA индикаторы 4 құрауышты қамтиды:

- экспорттық кірістің 5%-ы (сыртқы сұраныстың құлдырауынан немесе сауда жағдайларының нашарлауынан болған әлеуетті шығынды көрсету),
- 5% кең ақша массасы (өтімділігі жоғары ішкі активтерді қысқарту арқылы резиденттер капиталының әлеуетті кетуін көрсету),
- 30% қысқа мерзімді сыртқы борыш (қайта қаржыландыру тәуекелдерін көрсету),
- 10% басқа сыртқы міндеттемелер (басқа портфельдік инвестициялар бойынша әкетілуді көрсету).


Өлшеу үшін коэффициенттер ХВҚ есептеулеріне сәйкес өзгермелі айырбастау бағамы режимін есепке ала отырып анықталған.

## Жинақтар мен инвестициялар тұрғысынан ағымдағы шот

- 2016ж. бастап байқалған ағымдағы шоттың жақсару үрдісі инвестициялардың (I) өзгермеген деңгейі кезінде жинақтардың (S) өсуімен байланысты болып келеді

**Инвестициялар (I).** Мұнай-газ саласындағы ірі инфрақұрылымдық жобаларды және мемлекеттік бағдарламаларды («Нұрлы жол», «Батыс Еуропа — Батыс Қытай») іске асыру 2015ж. өндіріске капитал салу деңгейінің құрылымдық ілгерілеуіне әкелді. Кейінгі 2016-2017жж. өндіріс және тасымалдау құралдарына, жабдықтарға тұрақты сұраныс сақталды.

**Жинақтар (S).** 2014ж. мұнай бағасының құлдырауымен келген қолда бар ішкі ұлттық кірістің (ҚІҰК) қысқаруы жинақтар деңгейінің төмендеуіне әкелді. Жинақтар 2014ж. өзінің аралық максимумымен салыстырғанда 6 пайыздық пункт деңгейіне қысқарып, 2016ж. минимумға (ІЖӨ-ден 21,9%) жетті. 2017ж. энергия ресурстарының әлемдік нарығында конъюнктураны қалпына келтіру жинақтар деңгейінің ұлғаюына әсер етті (34-график).



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ СК. Есептеулер: ҚРҰБ.

**Анықтама:** Ағымдағы шот экономикадағы жинақтар мен инвестициялар арасындағы айырмашылық болып табылады. Оң ағымдағы шот кезінде ел тұтынуға қарағанда өнімді көбірек шығарады және өндірістік қуатқа инвестициялайды. Шығыстар әдісі бойынша ІЖӨ-ді есептеу кезінде инвестициялар өндіріске жеке сектордың жалпы ішкі капитал салуы деп түсініледі. Егер инвестициялар ұлттық жинақтардан асып кетсе, қаржыландыру сыртқы міндеттемелердің ұлғаюы немесе шетел активтерінің қысқаруы есебінен капиталдың әкелінуімен қамтамасыз етілетін болады.


## Нақты тиімді айырбастау бағамының серпіні

- НТАБ-тың өзінің тепе-теңдік мәндеріне сәйкестігі экономикадағы ішкі және сыртқы баланстарды сақтауға мүмкіндік береді

Өзгермелі айырбастау бағамын қамтамасыз ететін жүргізіліп отырған ақша-кредит саясаты сыртқы теңгерімсіздіктерді жинақтамауға мүмкіндік береді. Нақты тиімді айырбастау бағамының (бұдан әрі – НТАБ) шамадан тыс ұлғаюы/төмендеуі отандық тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігінің жоғалуы және импорттың негізделмеген өсуі есебінен ағымдағы шоттың нашарлауының/жақсаруының факторы ретінде қызмет етуі мүмкін. 2016ж. 3-тоқ. бастап қазіргі уақыт аралығында ағымдағы шот жақсаруда, оның



ішінде ол НТАБ құбылмалылығының төмендеуіне және оның ұзақ мерзімді тренд аясында ауытқуына байланысты.

Жалпы алғанда тепе-теңдік НТАБ-тан ауытқу мардымсыз болып табылады, бұл НТАБ-тың өзінің фундаменталды деңгейіне сәйкестігін білдіреді (35-график).



\*Тепе-теңдікті есептеу Ходрик-Прескот сүзгісін қолдану арқылы, 2018ж. соңына дейін НТАБ-тың шамалы құнсыздануы туралы болжамды ескере отырып, жүзеге асырылды. Ұлғаю құнсыздануды, төмендеу – теңгенің НТАБ-ының нығаюын білдіреді. Дереккөзі: ҚРҰБ-ның есептеулері.

2018ж. 2-тоқ. импорт бойынша өлшенген НТАБ (бұдан әрі – НТАБ\_И) (еуро – 29%, рубль – 49,8%, юань – 21,2%) және Қазақстанның тауар айналымы бойынша өлшенген негізгі сауда серіктестіктерінің валюталарына қатысты НТАБ (бұдан әрі – НТАБ\_Т) 2018ж. 1-тоқ. салыстырғанда нығайды (36 және 37-графиктер). 2018ж. 2-тоқ. НТАБ\_Т және НТАБ\_И-дағы негізгі өзгерістер номиналды бағам әсерінен, оның ішінде алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 8,8%-ға рублдің әлсіреуі есебінен, болды. НТАБ\_Т және НТАБ\_И серпініне инфляцияның қосқан үлесі мардымсыз болды.



\*Ұлғаю құнсыздануды, төмендеу – теңгенің НТАБ-ының нығаюын білдіреді. Дереккөзі: ҚРҰБ-ның есептеулері.

## Халықаралық инвестициялық позиция

- 2015ж. бастап ХИП серпіні көбіне борыштық құралдар бойынша нетто-позициямен анықталады


Халықаралық инвестициялық позиция (ХИП), нетто – бұл резиденттердің сыртқы активтері мен сыртқы міндеттемелерінің арасындағы белгілі бір күнге алынған айырмашылық.

Анықтама: ХИП-тің нетто негіздегі теріс мәні сыртқы міндеттемелердің сыртқы активтерден асып түсуін білдіреді, тиісінше, ел қалған әлемге қатысты таза қарыз алушы болып табылады.

ХИП көрсеткіштері төлем балансының қаржылық шоты операцияларының, сондай-ақ ағымдағы және өткен кезеңдер бойынша өзге ағындардың нәтижесі болып табылады.

Борыштық құралдар бойынша нетто-позицияның нашарлауы портфельдік инвестициялардағы сыртқы борыштық активтердің қысқаруы мен тікелей шетелдік инвестициялардың борыштық компонентасының есебінен міндеттемелердің ұлғаюы салдарынан орын алды.

2018ж. 1 шілдесіндегі жағдай бойынша нетто-ХИП (-)\$59,6 млрд. немесе ІЖӨ-ден (-)34,9%-ды құрады. Бұл ретте мемлекеттік және қаржы секторлары қалған әлемге қатысты таза кредиторлар (\$55,6 млрд. және \$14,9 млрд., тиісінше) болып табылса, қаржылық емес сектор (фирмааралық берешекті қоса алғанда) таза қарыз алушы болып табылады (38-график).



Дереккөзі: ҚРҰБ.

## Сыртқы борыш


- 2016ж. мен 2018ж. 1-жартыжылдығы аралығындағы кезең ішінде сыртқы борыш ІЖӨ-ге пайызбен 119,0%-дан 96,3% дейін төмендеді

Сыртқы борыш негізгі борышты және/немесе пайыздарды төлеуді талап ететін резиденттердің бейрезиденттер алдындағы шартсыз міндеттемелерін білдіреді (ХИП-тан борыштық құралдар бойынша міндеттемелер).

2018ж. 1 шілдедегі жағдай бойынша сыртқы борыш \$164,4 млрд. құрады, оның 60%-ы фирмааралық берешекке, 23% – мемлекеттің тікелей және шартты міндеттемелеріне және

17% – жеке сектордың үлестес емес кредиторлар алдындағы сыртқы борышына келеді (39-график).

Анықтама: Фирмааралық берешек тікелей шетелдік инвесторлар, шетелдік еншілес және тел ұйымдар алдындағы міндеттемелерді (топішілік қаржыландыру) білдіреді. Аталған кредиторлардың қарыз алушының қызметінің жалғасуындағы қызығушылығын ескере отырып (тіпті оның дефолт жағдайында да), топішілік қаржыландыруды аз тәуекелі бар қаржыландыру деп түсінуге болады: бұл жағдайда проблемалық берешекті қайта қаржыландыру және/немесе реструктурлеудің ықтималдылығы жоғары.



Дереккөзі: ҚРҰБ.

2016ж. соңынан бастап сыртқы борыштың ІЖӨ-ге пайызбен қатынасы 22,6%-ға қысқарды және 2018ж. 1 шілдедегі жағдай бойынша 9,3%-ды құрады. Көрсеткіштің аталған жақсаруына экономиканың өсуі және 9 ай бойы байқалған сыртқы борыштың төмендеуі әсер етті.

## ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН АББРЕВИАТУРАЛАР ТІЗІМІ

АҚШ	– Америка Құрама Штаттары
БЖЗҚ	– Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры
ЕО	– Еуропалық одақ
ҚПО	– «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.»
ҚР ҚМ МКК	– Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті
ҚР ҰЭМ СК	– Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрлігінің Статистика комитеті
ҚРҰБ	– Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ҚРҰҚ	– Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры
ҚХР	– Қытай Халық Республикасы
ҚІҰК	– Қолда бар ішкі ұлттық кіріс
МӨЗ	– Мұнай өңдеу зауыты
НТАБ	– Нақты тиімді айырбастау бағамы
НТАБ_И	– Импорт бойынша өлшенген НТАБ
НТАБ_Т	– Тауар айналымы бойынша өлшенген НТАБ
РФ	– Ресей Федерациясы
СБ	– Сыртқы борыш
СКЖ	– Солтүстік Каспий жобасы (Қашаған)
ТШО	– «Теңізшевройл» ЖШС
ТШО-ның ККЖ- ҰЕҚБЖ-сы	– Теңізшевройлдың Келешек кеңею жобасы-Ұңғыма ернеуіндегі қысымды басқару жобасы
ХВҚ	– Халықаралық Валюта Қоры
ХИП	– Халықаралық инвестициялық позиция
ШТИ	– Шетелдік тікелей инвестициялар
ІЖӨ	– Ішкі жалпы өнім
ARA	– Assessment of reserve adequacy, ХВҚ әдіснамасы бойынша резервтердің барабарлығын бағалау
PPI	– Producer Price Index, өндірушілердің баға индексі
ToT	– Terms of trade, сауда жағдайлары
CNY_CPI	– Қытайдың тұтыну бағаларының индексі
EUR_CPI	– Еуропалық Одақтың тұтыну бағаларының индексі
RUB_CPI	– Ресейдің тұтыну бағаларының индексі
CNYKZT	– Қытай юанының теңгеге айырбастау бағамы
EURKZT	– Еуроаның теңгеге айырбастау бағамы
RUBKZT	– Ресей рублінің теңгеге айырбастау бағамы
долл.	– Доллар
ж.	– Жыл
жж.	– Жылдар
ж/ж	– Өткен жылға қатысты жыл
млн.	– Миллион
млрд.	– Миллиард
тоқ.	– Тоқсан

**Жарияланым авторлары және редакторлары:**

Әнуар Қуандықов

Азат Өскенбаев

Денис Чернявский

Динара Асанова

Меруерт Жакупова

Нұрлан Оспанов

Меруерт Алмағамбетова

Ақбөпе Құратова

Зарина Скрипченко